

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ҚЫТАЙ» САММИТІ ӨТЕДІ

Осы аптаның айтулы жаңалығы – бүгін 17 маусымда Астанада аймақтағы мемлекеттер басшыларының қатысуымен екінші «Орталық Азия – Қытай» саммиті өтеді. Осы басқосуға қатысу үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин кеше Астанаға арнайы сапармен келді. Қытай көшбасшысы мінген бортты ел шекарасынан елордаға дейін Қазақстан Республикасы Әуе қорғаныс күштерінің ұшақтары алып жүрді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді Астана әуежайынан қарсы алды. Трапта Құрмет қарауылының ротасы сап түзеді. Мәртебелі мейманға Қазақстан мен Қытай туларын ұстаған жеткіншектер қошемет көрсетті. Елорда әуежайының терминалында Төраға Си Цзиньпинге балалар қазақ және қытай тілдерінде сәлемдесіп, күтіп алды. Содан соң өнерпаздар қос халықтың ұлттық билерін билеп, ерекше ілтипат білдірді.

Сапар барысында жоғары деңгейдегі екіжақты кездесулер өткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ екі ел арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері талқыланады.

Президент Қасым Жомарт Тоқаев Ақорда резиденциясында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді қарсы алды

Бұдан соң мемлекеттер басшылары келіссөз залына барды.

№70
(4814)
Сейсенбі
17 маусым
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕУРОПА ТӨРІНДЕГІ КӨРМЕ

Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде қазақ музыкасының заңғар тұлғасы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Шабыт бастауы: Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы» атты халықаралық көрменің салтанатты ашылуы өтті.

Халық қаһарманы, дирижер, аса көрнекті өнер иесінің ғасырлық мерейтойы – тек қазақ халқы үшін ғана емес, барша өркениетті әлем үшін елеулі оқиға. Бұл маңызды дата ЮНЕСКО тарапынан халықаралық деңгейде аталып өтетін мерейтойлар қатарына енгізілді. Көрмеге Алматы қаласындағы Музейлер бірлестігінің қорынан алынған 70-ке жуық құнды жәдігер қойылған. Олардың қатарында композитордың өз қолымен жазған партитуралары, сирек фотосуреттері, жеке заттары, сондай-ақ Ахмет Жұбанов сыйға тартқан «Дариға домбыра» да бар.

БАЙҚАУ БАСТАЛДЫ

Мәдениет және ақпарат министрлігі Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру бойынша байқау басталғанын хабарлады.

Грант берудің мақсаты – белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жаңа идеялар мен бастамаларды мемлекеттік қолдау. 2025 жылы республикалық деңгейде 3 млн теңгеден 30 грант беріледі. Грантқа 14 жастан бастап 35 жасқа дейінгі (34 жасты қоса алғанда) Қазақстан Республикасының азаматы үміткер бола алады. Гранттың 6 бағыты бар.



Сұлтан СЕЙІТ

4

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАМЫЛҒАН ҚАЛА

Елордамыз күннен күнге көркейіп келеді. Өйткені бас қаланы абаттандыру жұмыстары бір сәтке де тоқтаған емес. Биыл шамамен 180 аула мен қоғамдық кеңістік, соның ішінде саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар абаттандырылады. Бұл бағытта жұмыстарға келгенде көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Жасыл желек жамылған қаланың тұрғындары үшін ең керегі де осы. Жадырап жаз шыққалы барлық аудандарда көгалдандыру жұмыстары қарқынмен жүргізілуде. Биыл да 1 миллионнан аса жасыл желек (бұта, ағаш, көшет) егілді.



Астана әкімдігі Huawei компаниясымен бірге 10G кең жолақты байланыс желісін демонстрациялық сынақтан өткізетін пилоттық жобаны іске асырмақшы.

Астанадағы «Орталық Азия – Қытай» екінші индустриялық-инвестициялық ынтымақтастық форумында қол қойылған құжаттардың бірінде осындай мәміле бар. Жобаның атауы – «Huawei 10G кеңжолақты желісін демонстрациялық сынақтан өткізу» пилоттық жобасын жүзеге асыру. Келісімге Астана қаласының әкімдігі мен «Хуавей Текнолоджиз Казахстан» ЖШС қол қойды.

5 БАЛАБАҚША ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл елордада 5 балабақшаға толық жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Қазіргі кезде барлық нысандар бойынша мердігерлік ұйымдар белгіленіп, құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Жөндеу жұмыстары тамыз айына дейін аяқталады.

Бұл туралы Астана әкімінің орынбасары Есет Байкен әлеуметтік желідегі парақшасында жазды. Астанада 1964 жылы ашылып, әлі күнге дейін жөнделмеген «Қарлығаш» балабақшасы бар. Биыл осы нысанға тұңғыш рет толық жөндеу жасалады. Ал 2029 жылға дейін 60 мемлекеттік балабақша салу жоспарланған. Соның ішінде биыл 1500 орындық 5 бөбекжай пайдалануға беріледі.



№70 (4814) 17/06/2025 Сейсенбі

МӘДЕНИ КӨПІР ЖӘНЕ МЕДИА БАСТАМАЛАР

Астанада «Тату көршілік және достық: болашаққа бірге қадам» Орталық Азия - Қытай гуманитарлық алмасу форумы өтті. Форумға мемлекеттік органдардың басшылары, БАҚ, ғылыми және сарапшылық қауым өкілдері қатысты.



Форум барысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин бұл кездесудің маңыздылығын атап өтіп, мұнда тек Қытай мен Орталық Азия елдерінің ынтымақтастығы ғана емес, сонымен қатар миллиондаған адамның тағдыры тоғысқан ұлан-ғайыр аймақтың болашағы талқыланатынын жеткізді. «Біз әрдайым өзара тиімді әріптестік мәселелерінде ортақ түсіністік таба аламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Қытаймен жан-жақты ынтымақтастық – Қазақстанның орта мерзімді тұрақты дамуының басты факторы» деді Мемлекеттік кеңесші. Е.Қариннің айтуынша, аймақтың басты ерекшелігі – ашықтық, тұрақты экономикалық өсім және гуманитарлық, медиа салаларындағы тығыз байланыс. Ақпараттық процестердің рөлі артып, цифрлық технологиялар енгізіліп жатқан қазіргі заманда контент өндіру, технологиялармен алмасу және мәдени байланысты нығайту бағытындағы бірлескен жұмыс өзекті бола түсті.

Форумда сөз сөйлеген Қытай Медиа корпорациясының (CMG) басшысы, ҚХР Коммунистік партиясы ОК үгіт-насихат бөлімі жетекшісінің орынбасары Шэнь Хайсюн алдағы уақытта көптеген бірлескен жоба мен тығыз ынтымақтастық күтіп тұрғанын айтты. «Төраға Си Цзиньпин Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасқа ерекше мән береді. Ол Қытай әрдайым сенімді көрші, серіктес және дос екенін айтады» деді Шэнь Хайсюн. Оның айтуынша, Қытай Медиа корпорациясы Орталық Азия халықтарымен достықты нығайтуға бар күшін салуды жалғастырады. «Біз Орталық Азияның жетекші БАҚ-тарындағы серіктестермен жоғары сапалы бағдарламалар жасап, «Орталық Азиямен тікелей байланыс» атты ақпараттық жобаларды ұйымдастырып отырмыз. Бұл ақпарат пен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Көпсалалы, көпформатты және көпарналы ынтымақтастық одан әрі нығая береді» деді ол.

Диалог алаңында сөз алған Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Бір белдеу – бір жол» бастамасында мәдениеттің орны ерекше екенін атап өтті. «Бұл жоба – жай ғана ауқымды инфрақұрылымдық бастама емес, сонымен қатар халықтарымыздың жүректерін жалғайтын көпір. Гуманитарлық байланыстар, мәдени бірлескен бастамалар мен медиа ынтымақтастық сенім мен ашық диалог кеңістігін қалыптастырады. Себебі медиа мәдениетті насихаттауда және халықтарымызды жақындататын гуманитарлық жобаларды жария етуде аса маңызды рөл атқарады» деді Аида Балаева.

Форум аясында «Си Цзиньпиннің сүйікті нақыл сөздері» жобасының халықаралық нұсқасының тұсаукесері өтті.



КӨМІРДЕН ГАЗ ӨНДІРЕТІН ЗАУЫТ САЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Shandong Energy Group Co. басқарма төрағасы Ли Вэймен кездесу өткізді. Онда энергетика саласындағы ынтымақтастық, оның ішінде Қазақстанда көмір химия зауытын салу бойынша бірлескен жобаны жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

QazaqGaz және Shandong Energy Group Co. компанияларының Қарағанды облысындағы көмірден газ өндіретін көмір химия зауытының құрылысы бойынша бірлескен жоспарларына назар аударылды. Жобалық қуаты жылына 2 млрд м3 газды құрайды. Өндірісті іске қосу Қазақстанның көмір-химия саласының дамуына жаңа серпін береді. Газдың қосымша көлемі, 1,5 мың тұрақты жұмыс орнын ашу, экономиканы әртараптандыру, жаңа технологияларды дамыту, сондай-ақ еліміздің экспорттық әлеуетін күшейтеді деп күтілуде.

Олжас Бектенов Қазақстан Үкіметі Қытай Халық Республикасымен экономиканың түрлі салаларында, оның ішінде көмір химиясы саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға баса мән беретіне тоқталды. Shandong Energy Group Co. басқарма төрағасы Ли Вэй Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытуға және өнеркәсіптің келешегі зор бағытына инвестиция салуға мүдделі екенін айтты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар бірлескен жоспарды жүзеге асыру үшін сындарлы диалогқа ниетті екенін жеткізді. Shandong Energy Group Co. (SEG) – Қытайдың энергетика, көмір және көмір химиясы саласында көп жылдық тәжірибесі бар жүйе құраушы кәсіпорын. Инновациялық тәсіл арқылы компания ҚХР-да көміртегі, метанол және көмір негізінде өндірілетін басқа да химиялық өнімдерді өндіруде көшбасшы болды. SEG-тің ҚХР провинцияларында және 17 елде орналасқан 608 еншілес кәсіпорны бар.

ИРАНДА – 132, ИЗРАИЛЬДЕ 219 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАР

Сыртқы істер министрлігі Таяу Шығыстағы жағдайды ерекше бақылауда ұстап отыр. Бұл туралы СІМ ресми өкілі Айбек Смадияров мәлімдеді.

Аталған өңірдегі Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Қолда бар мәлімет бойынша, қазіргі уақытта Иранда 132, ал Израильде 219 Қазақстан азаматы бар. Дипломаттар отандастарымызбен тұрақты байланыста» деді Айбек Смадияров. Оның айтуынша, қазіргі күрделі жағдайда аталған елдерде жүрген азаматтарға аса қажеттілік болмаса, тұрған жерінен шықпауға кеңес беріледі. «Қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға, қырағылық пен сақтық танытуға, ресми ақпарат көздерінен жаңалықтарды қадағалауға және жергілікті билік органдарының нұсқауларын бұлжытпай орындауға шақырамыз» деп ескертті СІМ ресми өкілі.

ЗАҢ ЖЕМІСІН БЕРДІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы заңның қабылданғанына бір жыл толып, осы мерзімде істелген жұмыстарға тоқталып өтті.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес туралы Заңның қабылданғанына бір жыл толды. Президент 2024 жылғы 15 сәуірде қол қойған Әйелдердің құқықтарын қорғау және балалардың қауіпсіздігі туралы заң былтыр 16 маусым күні күшіне енді. Мемлекет басшысы билікке келген кезден бастап әйелдер мен балалардың құқығын қорғау саясатын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы ымырасыз күресу өзінің мызғымас ұстанымы екенін үнемі айтып жүр» деп жазды Ерлан Қарин әлеуметтік желідегі парақшасында.

Оның айтуынша, қабылданған заңның және мемлекет жүзеге асырып жатқан нақты іс-шаралардың нәтижесінде Қазақстанда әйелдер мен балалардың құқығын қорғаудың озық заңнамалары мен тиімді жүйесі қалыптасты. Нәтижесінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері едәуір азайды. Мысалы, жыл басынан бері құзырлы органдарға тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты түскен арыздардың саны былтырғы осы уақпен салыстырғанда 20,5%-ға төмендеді. Бұған қоса ауыр және аса ауыр сипаттағы тұрмыстық қылмыстың саны азайған. Жыл басынан бергі бес айда аса ауыр тұрмыстық қылмыс 44%-ға, ауыр отбасылық-тұрмыстық қылмыс 29%-ға төмендеген. Сонымен қатар, бес айда кәмелет жасына толмағандарға қарсы жасалған жыныстық сипаттағы қылмыс саны 21,3%-ға, педофилияға қатысты қылмыс саны 40,7%-ға азайған.

«Жалпы, мемлекет тарапынан қолға алынған ұйымдастыру іс-шаралары мен құқықтық шаралардың нәтижесінде соңғы бес жылда әйелдердің құқықтарын бұзған қылмыс саны екі есе азайған. Жазаның күшейтілуі мен алдын алу шараларының жаңа тәсілдері өз жемісін беріп жатыр» дей келе Мемлекеттік кеңесші жетістіктерге тоқталды:

«1. Отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау көрсеткіштері айтарлықтай артты. Жаңа тәсілдің, яғни, ресми түрде арыз берілмесе де, өңірлерде құрылған жедел топтардың, полиция қызметкерлерінің, куәгерлердің берген деректері мен әлеуметтік желілерді сараптаудың нәтижесінде биылғы қаңтар-мамыр айларында 19 мыңнан астам осындай оқиға анықталды.

2. Мектептерге «111» мемлекеттік байланыс орталығының QR-коды орнатылғаннан кейін балалар арасындағы зорлық-зомбылық, буллинг, күрделі психикалық-эмоциялық жағдайларды анықтау көрсеткіші артты. Биыл 5 айдың ішінде 86 мың бала осы қызмет түріне жүгінген. Соның ішінде 2 мыңнан астам бала зорлық-зомбылықтан, буллингтен, сыныптастарымен, ата-анасымен күрделі қарым-қатынастан күйзеліске түскенін айтып көмек сұраған. Балалар өзіне-өзі қол жұмсамақ болған 28 оқиға анықталып, қатердің беті қайтарылған. «111» қызметіне хабарласқан азаматтардың саны да көбейіп келеді. Соңғы бес айда бұл нөмірге балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, психологиялық көмек алу және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілерін айту үшін және басқа да әлеуметтік мәселелермен 62 мың ересек адам хабарласқан.

3. Отбасыларға, әйелдер мен балаларға көмек көрсету ауқымы кеңейді. Қазірге дейін психологиялық көмек көрсететін 20 орталық ашылды. Еліміздегі 112 қала мен ауданда отбасыларды қолдау орталықтары жұмыс істеп тұр. Осы жылдың алғашқы тоқсанының өзінде 34 мың отбасына әлеуметтік, психологиялық және құқықтық көмек көрсетілді, 2 мың отбасына әлі де көмек көрсетіліп жатыр.

4. Агрессормен психологиялық жұмыс жүргізу зорлық-зомбылықтың алдын алудың жаңа тәсілі ретінде дамып келеді. Биыл сот үкімімен 52 «бұзақы» денсаулық сақтау мекемелерінде психологиялық көмек алуға міндеттелді» деді Е.Қарин.

АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ САПАСЫН КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

Атом энергетикасы жөніндегі агенттік АЭС құрылысы сапасын кім бақылайтынын түсіндіріп берді.

«Атом электр стансасы құрылысының сапасын бақылау бірнеше деңгейде жүзеге асырылады. Жобалық ұйым тарапынан авторлық қадағалауға консорциум көшбасшысы ретінде «Росатом» компаниясы жауап береді. Бұл ретте консорциумның әрбір қатысушысы өздеріне жүктелген жұмыстың орындалуына жауапты болады. Техникалық қадағалауды жобаның тапсырыс берушісі ретінде «Қазақстандық атом электр стансалары» ЖШС – өзінің күшімен, сонымен қатар тәуелсіз техникалық кеңесші ретінде тартылған француздық Assystem компаниясы арқылы жүзеге асырады. Мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасы Атом энергетикасы жөніндегі агенттігі Атомды қадағалау және бақылау комитеті қамтамасыз етеді» делінген агенттіктен БАҚ өкілдерінің сауалына орай таратылған ақпарат.

Ведомствоның мәліметінше, аталған комитет бұған дейін Ұлттық ядролық орталық пен Ядролық физика институтының зерттеуге арналған реакторларына қадағалаушы қызметін жүзеге асырған. «Бұған қосымша халықаралық іс-қимыл аясында пайдалануға беруге дайындық кезеңінде Халықаралық атом энергетикасы жөніндегі агенттіктің, оның ішінде OSART (Operational Safety Review Team) миссияларын өткізу жоспарланған. Мұндай көп деңгейлі әдіс жобаның қауіпсіздігі мен сапалы жүзеге асырылуына жан-жақты бақылауды қамтамасыз етеді» деп түсіндірілген ресми ақпаратта.



№70 (4814) 17/06/2025 Сейсенбі

ӘКЕЛЕР ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Бас қалада Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссиясы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Әке. Отбасы. Қоғам» X республикалық әкелер форумы өтті.



Іс-шараға Мәдениет және ақпарат вице-министрі Айбек Сыдықов, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссия мүшелері, Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова және «Nazym PR» ЖШС директоры Назым Жанғазинова, «Әкелер одағы» РҚБ төрағасы Мақсұтбек Айтмағанбет, ЮНФПА-ның Қазақстандағы өкілі Чинве Огбонна, республикалық «Әкелер одағының» өңірлік өкілдері, зиялы қауым өкілдері, отбасы саясаты саласының сарапшылары, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Форумда ата-ана болу, бала тәрбиесі, олардың қауіпсіздігі мен денсаулығы және барлық отбасы мүшелерінің психикалық денсаулығы секілді маңызды мәселелер көтерілді.

Кездесу тақырыптары Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай отырысында айқындап берген бағыттар негізінде белгіленді. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда сөйлеген сөзінде. 10 жыл қатарынан форум ата-аналарды, тәрбиешілерді, психологтар мен сарапшыларды біріктіре отырып, тәжірибе, білім және озық тәжірибелермен алмасу алаңы ретінде қызмет етіп келеді. Олардың ортақ мақсаты – қауіпсіз, отбасымен үйлесімді ортада, зорлық-зомбылықсыз және өмірлік бағыты түзу жаңа ұрпақты қалыптастыру.

Форумда «XXI ғасыр әкесі: әрекетке шақыру» декларациясы қабылданды. Құжатта XXI ғасырда әке болу тек міндет емес, сонымен қатар алғашқы күндерден бастап баланың өміріне белсенді араласып, қамқорлық пен жауапкершілікті бөлісетін мүмкіндік ретінде қарастырылады. Декларация сонымен қатар XXI ғасырдағы әкенің құндылықтарын анықтайды. Атап айтсақ, сүйіспеншілік, қамқорлық пен құрмет көрсететін, баланы тәрбиелеуге, білім беруге және дамытуға белсенді араласатын, зорлық-зомбылықсыз ортаның қалыптасуына ықпал ететін, әйелдер құқығын құрметтейтін және гендерлік теңдікті сақтайтын, өзінің психикалық және физикалық денсаулығын күтетін, үйдегі міндеттер мен тұрмыстық жауапкершілікті бөлісетін адам, сонымен қатар өскелең ұрпаққа үлгі бола алатын тұлға.

АЙНАЛАҢДЫ АЯЛА!

Астанадағы «Жетісу» саябағында республикалық «Таза Қазақстан» шарасы аясында Қазақстанның экологиялық ұйымдар қауымдастығының ұйымдастыруымен JasylFest атты екінші экологиялық фестиваль өтті.

Фестиваль StopMusor әлеуметтік жобасы аясында ұйымдастырылып, елорда тұрғындары мен қонақтарының назарын қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аудару, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және жауапты тұтыну дағдыларын дамыту мақсатында өткізілді.

Іс-шара қонақтары қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау бойынша шеберлік сабақтарына қатысып, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз тұрмыстық химияны гринвошингтен қалай ажыратуға болатынын үйренді, эко-сөмкелерді әрлеуді меңгеріп, жауынқұрты көмегімен компост жасау технологиясымен танысты. Сонымен қатар, биологиялық ыдырайтын бір реттік ыдыс жасау аймағы ерекше қызығушылық тудырды.


Фестиваль алаңында киім-кешек, кітаптар мен ойыншықтар қабылданатын орын және қайта өңдеуге арналған қалдықтарды жинау пункті жұмыс істеді. Қатысушылар макулатура, әртүрлі пластик түрлері, шыны, мата, батарейкалар, электронды қалдықтар, мерзімі өткен дәрі-дәрмектер мен қолданылған өсімдік майын, т.б. заттарын тапсырды. Ескі сүлгілер, көрпелер мен төсек жабдықтарын жинау бөлек ұйымдастырылды.



Балалар үшін анимациялық бағдарламалар мен сыйлықтар таратылатын викториналар өткізілді.

СКЕЙТ-САЯБАҚТЫҢ ИГІЛІГІ

Астана қаласындағы Ы.Дүкенұлы көшесі мен Республика даңғылының қиылысында орналасқан жаңа балалар ойын алаңы мен скейт-саябақ қала тұрғындарының үлкен қуанышына айналды. Қоғамдық кеңістікте бой көтерген бұл нысан – тек ойын алаңы ғана емес, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне арналған жарқын, қауіпсіз және заманауи ортаның үлгісі.



Алаңда скейт-саябақ пен түрлі ойын кешендерімен қатар, балалар мен ересектердің дене шынықтыруын дамытатын спорттық құрылғылар да орнатылған. Бұл – салауатты өмір салтын бала жастан қалыптастыру мен қала тұрғындары арасында кеңінен насихаттауға бағытталған нақты қадам.

Мұнда балаларды жарақаттан қорғайтын қауіпсіз жұмсақ төсеніш төселіп, кең заманауи скейт алаңы орнатылған. Жүгіретін арнайы жол жасалған. Спорттық тренажерлар қойылған. Сырғанақтар кешені де қарастырылған. Көлеңке беріп тұрған ағаштар отырғызылған. Тынығып демалу үшін көше орындықтары да барынша қолайлы етіп жасалған.

ОТБАСЫНДАҒЫ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Астанада Әкелер күніне орай балалар мен олардың әкелеріне арналған қыш бұйымдарын жасау бойынша шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Шара барысында қатысушылар бірлесіп қолөнермен айналысып, ерекше бұйымдарды жасап, уақытты тиімді әрі мағыналы өткізді.

Іс-шараны Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен Қазақстанның «Даму» қауымдастығы бірлесе ұйымдастырды. Шеберлік сабағы Kunjut Studio шығармашылық шеберханасында өтті. Мақсаты – әке мен бала арасындағы эмоциялық байланысты нығайту, отбасы мүшелерінің бірлескен белсенді демалысын қолдау және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Әкелер күніне орай әкелер мен балаларға арналған осындай шара ұйымдастырдық. Бұл – «Отбасы – бақыт мекені» жобасы аясында жүзеге асып жатқан іс-шара. Өткен жылы да осындай шеберлік сабағын өткізген едік, қатысушыларға қатты ұнады, сол себепті биыл да қайталауды жөн көрдік. Жобаның мақсаты – отбасылық құндылықтарды дәріптеу, әкелер мен балалар арасындағы байланысты нығайту» деді Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының бас маманы Балжан Қолғанат.

Жиынға 20-дан астам отбасы қатысты. Қатысушылардың бірі – Нұрлыбек Мұратов қызы Аружанмен бірге гүлге арналған ваза жасады. Ол мұндай шаралардың маңыздылығын ерекше атап өтті.

«Бұл – балалармен бірге уақыт өткізуге арналған тамаша мүмкіндік. Қазіргі кезде ата-аналар жұмысбасты болып кеткен, ал осындай сәттер – балаңмен бірге болып, бірнәрсе жасауға мүмкіндік береді. Бұл әке мен баланың байланысын нығайтады» дейді ол.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2025 жылы 27 маусымда сағат 10:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезекті сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды жүргізу туралы.
2. Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі.
3. Астана қаласының атаусыз көшесіне атау беру туралы.
4. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.
5. Астана қаласы әкімдігінің тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамы туралы.
6. Қалалық мәслихат сессияларында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныстардың орындалу барысы туралы.
7. Астана қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына енгізілетін негізгі мәселелер туралы.

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ЖАЗ БОЙЫ ӨТЕТІН ЖАТТЫҒУЛАР

Елорданың «Көктал» саябағында жаз бойы ашық спорттық-сауықтыру жаттығулары өтеді.

Іс-шаралар «Астана – есірткісіз қала» акциясы және «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында ұйымдастырылады. Жобаны Сарыарқа ауданының әкімдігі мен Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы FitArenaWinox фитнес клубының қолдауымен ұйымдастырып отыр.

Астана қаласы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Дамир Байбазаров бұл іс-шара халықаралық нашақорлықпен күрес күніне орай өткізілетінін хабарлады.

«Мақсатымыз – халықты, әсіресе жастарды спортқа, салауатты өмір салтына баулу. Жастар – біздің болашағымыз, сондықтан оларды барлық есірткі түрінен қорғау – біздің міндетіміз» деді ол.

Жаттығуларды әр сенбі және жексенбі күндері өткізу жоспарланған. Бұл халықты спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтына тартуға бағытталған.

FitArenaWinox фитнес клубының директоры Богдан Филихиннің айтуынша, ашық аспан астында тегін жаттығулар өтеді. Ұзақтығы – 1 сағаттан 1,5 сағатқа дейін. Арнайы дайындықтың қажеті жоқ, жаттығулар жеңіл болады, еш қиындық туғызбайды. Жаттықтырушылар білікті, олар не істеу керек екенін көрсетіп, түсіндіріп береді. Арнайы құрал-жабдықтар да қажет емес, қатысушылар санына шектеу жоқ.

Мөлдір Нұрпейісова бұл фитнес клубқа шамамен бір жылдан бері қатысып келеді. Ашық жаттығуларға нашақорлыққа қарсы күресті қолдау мақсатында келген ол мұндай шаралар өте қажет екенін айтады.



№70 (4814) 17/06/2025 Сейсенбі





«КЕРУЕН» ЖАНЫНДАҒЫ СЕРУЕН

Достық көшесіндегі «Керуен» сауда, ойын-сауық кешенінің алдындағы жер бірнеше жыл бос жатты.

Осы маңда тұратындықтан, бұл жерді «Қазмедиаға» қарай талай шиырлағанбыз. Қаланың қақ орталығындағы «бос жатқан жер жау шақырады» дегеніміз артықтау болар, бірақ дау шақырары анық.

Өйткені мұндай тамаша жерге «мен үй салам» дегендер көп болары сөзсіз. Қай мықты не тұрғызар екен деп жүргенде, қалалық әкімдік саябақ салды да жіберді. Жарайсың, қалалық әкімдік!

Екі гектарға жуық жер аз ғана уақытта халық демалатын саялы саябаққа айналған. Қазір бұл жерде қайнаған еңбек.

Гүл себетін отырғызушылар, суарушылар, топырақ төсеушілер, орындық жасаушылар, балалар ойнайтын алаң салушылар... Бәрі – қарапайым еңбек адамдары.

Осындағы еңбек адамдарының бірнешеуін әңгімеге тарттым. Көпшілігі – «Жасыл жер» атты мекеменің жұмысшылары. Жазда ғана емес, қыста да жұмыс жеткілікті дейді. Ең егделерінің өзі күніне 10 мың теңгеге дейін табыс табады екен. «Керуен» жанында серуен жасасаңыз, осы қарапайым жұмысшылардың еңбегін ескере жүрерсіз.





ЖАҢАРҒАН ЖАН КӨШЕЛЕР

Тротуарды айтып отырмыз. Сонау 90-жылдардың басында белгілі сөз зергері Ісләм Жарылғапов ағамыздан сұхбат алып едім. Тіліміз-



ге «балмұздақ», «көрермен», «аялдама» секілді өшпес сөздерді енгізіп кеткен тұлға. Сол кісі: «Мына көлік жүретінді – жол көше, ал адам жүретін тротуарды – жан көше деп алдым» деген еді. Тротуар деп тілімізді бұрап жатқаннан, «жан көше» деген жап-жақсы секілді.

Астанада дәл қазір осы жан көшелер /тротуарлар/ жаңартылып жатыр. Қай жерге барсаңыз да, айнадай жарқыраған, теп-тегіс тас кірпіштер төсеп жатқан жұмысшылар.

Біразымен тілдестім. Күніне «25-30 мың теңге табыс табамыз» дейді. Оқтай түзу, жаңарған жан көшелер қалаға көрік беріп тұр. Жалпы қала бойынша биыл 100-ге жуық көше жөнделеді екен.

«ТАЗАЛЫҚТЫҢ» ТРАКТОРЫ

«Астана – Тазалық» дейтін мекеме бар. Аты айтып тұрғандай, қаланы тазалау – осы мекеменің міндеті.

Үйдің жанынан трактор тізгіндеген бір азаматты жиі көрем. Аты – Абай. «Астана – Тазалық» мекемесінің тракторшысы. Трактор айдағанына 40 жыл болыпты.

Мекеме қызметкерлерінің міндеті контейнерге сыймайтын қатты, үлкен құрылыс қалдықтарын трактор көтергішіне салып алып, «КамАЗ»-ға тиейді.

Өздерінің аумақтарын күнде бір сүзіп өтеді. Жұмыстарын жылдам атқарады. Баяғыда ағаларымыз осындай тракторды жіппен тартып, мықшыңдап әрең қыздырушы еді. Қазіргілер кілтін қосып, гүр еткізеді. Машинадан да жылдам.

Қала тазалығы үшін атсалысып жүрген қарапайым еңбек адамдары өте көп. Бұл тракторшы да – соның бірі. Биыл – Жұмысшы мамандығы жылы. Елорданың жайнап, жарқырап тұруы – осы Абай сияқты еңбек адамдарының арқасы!

Әлімжан САБЫРЖАНҰЛЫ, журналист

БОЛАШАҚТА ӨЗ ШЕБЕРХАНАМДЫ АШҚЫМ КЕЛЕДІ

Етікшілік – ескірмейтін кәсіп. Қай кезде болмасын, ерінбеген адам бұл кәсіп арқылы нәпақасын таба алады. Ал JOLTAP жобасы елордалықтар үшін осы мамандықты тез әрі тегін меңгеру үшін мүмкіндік ашып отыр.

Аталған «Аяқ киім жөндеу және кілт жасау» курсының қатысушысы Дүйсен Досанов бұған дейін қарапайым етікші болып жұмыс істеген. Бүгінде ол біліктілігін одан әрі арттырып, аяқ киімді бояуды, кілт жасауды үйреніп жатыр, себебі болашақта жеке шеберханасын ашатын жоспары бар.

– Құрылыста жүргенде аяғымды жарақаттап алып, 1,5 жыл үйде болдым. Сол кезде қарап отырмайын деп осы іспен шұғылдандым. Білмегенімді етікшілікпен айналысатын жолдас жігіт пен нағашымнан, одан қалса YouTube арнасынан көріп үйрендім. Одан соң денсаулығым жақсарып, қайтадан жұмысқа орналастым. Дегенмен «болашақта шеберхана ашсам» деген ойым бар. Сол үшін білгенімді үстей түсуге ден қойдым. Курстан аяқ киімді бояу, кілт жасау сияқты жаңа нәрселерді үйреніп, сертификат алуды мақсат тұтып отырмын, – дейді Дүйсен Досанов.

Оның айтуынша, етікшілік – бір отбасын асырайтын кәсіп. Тек шеберхананы халықтың көп орналасқан орнынан ашқан жөн санайды.


– Өзім көпбалалы әкемін. Үйде машинкам, қайрағым бар. Ешкімге жалынбай, балаларымның, туыстарымның аяқ киімдерінің жабыстырғыштарын, сырмаларын ауыстырамын. Қыста табандарына тайғанамайтын материал жапсырып беремін. Негізінен, қазіргі аяқ киімдердің сапасы нашар ғой. Аяқ киімін жөндетуге қымбат аяқ киім алғандар да жиі келеді. Мәселен, аяқ киім бояуды үйреніп алған соң, былғарыға түскен сызатты жабысқақ материалмен біл-діртпей, су жаңа етіп шығарамыз. Құрылыста істейтіндер етігін тіктіруге әкеліп жатады. Бір сөзбен, ерінбей еңбек еткен етікші табыссыз қалмайды деп ойлаймын. Бір үйді асырайтындай нәпақа табады. Кәсіптің орайын тапса, одан да көп табыстарға қол жеткізуге болады, – дейді ол.

Жоба ұйымдастырушыларының айтуынша, өз шеберханаңа апарар төте жол JOLTAP-тан басталады. Өйткені оқу мерзімі қолайлы – 12 күн, ал оқытушылар – өз ісінің шеберлері.

Табыс арттырып, отбасының бюджетін толықтырғысы келетін елордалықтар JOLTAP жобасы арқылы түрлі кәсіпті тегін үйрене алады. Бұл үшін қаладағы көрнекі жерлерде орналасқан «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттеріне келіп, кеңес алып, қажетті мамандықтар бойынша курстарға жазылуыңыз қажет.

Жалпы, JOLTAP жобасы аясындағы қысқамерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары үшін тегін түрде қолжетімді. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Ал түлектердің кандидатуралары JUMYSTAP.KZ атты жұмыс және қызметкерлерді іздеуге арналған сайтта тегін жарнамаланады.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ



ЫСТЫҚ КҮНДЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жазғы аптап ыстық басталғанда өрт шығу қаупі күрт артады. Жоғары температура, құрғақ шөп, күшті жел мен адам факторлары бірігіп, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.



Азаматтық қорғау мамандары ескертеді: өртті сөндіргеннен гөрі, алдын алған оңай. Қарапайым ережелерді сақтау – өмірді, денсаулықты және мүлікті сақтап қалуға көмектеседі.

Табиғат аясында барынша сақтық ережелерін сақтаған жөн. Жазғы пикниктер, саяжайға бару немесе орманда серуендеу кезінде ерекше мұқият болу қажет. Төмендегілерге: ормандарда және құрғақ шөп өскен ашық жерлерде от жағуға; сөндірілмеген сіріңке мен темекі тұқылын тастауға және арнайы жабдықталмаған орындарда мангал пайдалануға қатаң тыйым салынады.

Тамақ дайындап болған соң, көмір қалдықтарын толық суытып, сумен мұқият сөндіру керек. Мангал маңында міндетті түрде алғашқы өрт сөндіру құралдары – су, құм немесе өрт сөндіргіш болуы тиіс.

Үйде және саяжайда жаздың ыстық күндерінде тұрмыстық техникаларға – кондиционерлер, желдеткіштер, тоңазытқыштарға жүктеме артады.

Өрттің алдын алу үшін электр желісін шамадан тыс жүктемеңіз; тұрмыстық техниканы қараусыз қалдырмаңыз және жанғыш заттарды күн сәулесі түсетін жерлерде сақтамаңыз.

Үйде жұмыс істейтін өрт сөндіргіш болғаны және оны қолдана білу маңызды.

Көлік салонында қалдырылған аэрозольдар, оттықтар немесе аккумуляторлар күн астында қатты қызып, өртке себеп болуы мүмкін. Бұған жол бермеңіз – қажетсіз заттарды көлікте, әсіресе жабық күйде күн астында қалдырмаңыз.

Өрт болған жағдайда не істеу керек?

Мүмкіндігінше тез арада 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз. Қолда бар құралдармен (су, құм, өрт сөндіргіш) өртті сөндіруге тырысыңыз.

Алаңдамаңыз және қауіпсіз жерге эвакуация жасаңыз. Тығылмаңыз! Бұл құтқарушылардың сізді табуын қиындатады.

Назар аударыңыз! Өз өміріңіз бен жақындарыңызды қорғаңыз. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Өртті байқасаңыз, дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз.

Дария БАЙЗУЛОВА, Астана қаласы ТЖД Алматы ауданы Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты

№70 (4814) 17/06/2025 Сейсенбі

АЛАЯҚТЫҚ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУДЫҢ АМАЛЫ ҚАЙСЫ?

Еліміздегі алаяқтық азаматтардың бас ауруына айналды: «банк қызметкерлерінен» телефон қоңыраулары, интернеттегі жалған хабарландырулар, күмәнді инвестициялардан үйіп-төккен уәде. Мұндай схемалар көпшілікке таныс және ол күн сайын күрделене түсуде.



Қазақстан прокуратурасы осы ретте заңның сақталуын қадағалап қана қоймай, азаматтарға өздерін қорғауға көмектеседі. Статистикаға көз жүгіртсек, 2024 жылы интернет-алаяқтықтың 22870 жағдайы тіркелді, ал 2025 жылдың 5 айында 10145 факті анықталған. Алаяқтық фактілері бойынша Астана биыл 1548 жағдаймен көш бастап тұр, одан кейін Алматы қаласы (1114), Қарағанды облысы (868), Павлодар облысы (861), Ақмола облысы (792) бар. Ел бойынша осы жылы алаяқтардан 17909 адам зардап шекті, олардың ішінде 1131 зейнеткер мен 50 кәмелетке толмаған жастар бар. Осы аралықта алаяқтар интернеттегі жалған хабарландыруларды (2104) және «банк қызметкерлерінен» (2118) қоңырауларды жиі қолданған. Тағы бір түрі – «инвестициялық» алаяқтық, бұл түрі бойынша адамдар жинағын жоғалтады, кейде қарызға батады. Алаяқтарды ұстау және іздеу оңай емес, өйткені олар көбіне шетелде отырады, бірақ прокуратура кінәлілерді жауапқа тарту үшін халықаралық серіктестермен жұмысты күшейтуде.

Неліктен алаяқтар мәселесі асқынуда? Басты себебі – ғаламтордың дамуы, сонымен бірге түрлі қауіп көбейді. Адамдардың көбі ақпаратты тексермей, бейтаныс адамдарға сенеді, зейнеткерлердің жартысы алданып жатқанын байқамайды. Прокуратура органдары Қазақстанның және басқа елдердің құқық қорғау органдарымен іс-қимылды үйлестіреді, бірақ алаяқтыққа қарсы басты қару – әр адамның қырағылығы.

Өзіңізді қалай қорғауға болады?

Бірінші, бейтаныс адамдарға сенбеңіз. Олар «банктен» қоңырау шалып, кодты немесе карта деректерін талап ете ме? Бұл – алаяқтар. Телефонды қойып, ресми сайтта көрсетілген нөмірге – банкке қайта қоңырау шалыңыз.

Екінші, онлайн мәмілелерді тексеріңіз. Интернеттен сатып аласыз ба? Сайттың қауіпсіз («https://» мекенжайынан) және сатушы нақты екеніне көз жеткізіңіз. Тым төмен баға – қауіпті дабыл белгісі.

Үшінші, инвестициядан сақ болыңыз. Жылдам табыс уәде етілген бе? Компанияны ҚР Ұлттық банкі арқылы тексеріңіз. Лицензиясы болмаса, бұл алдау.

Төртінші, алдын ала төлемеңіз. Хабарландыру сайттарында тауарды алғаннан кейін төлем жасауға немесе кездесуге келіссөздер жүргізіңіз.

Бесінші, деректерді қорғау керек. Құжаттардың суретін бейтаныс адамдарға жібермеңіз. Күрделі құпия сөздерді және екі факторлы аутентификацияны орнатыңыз.

Алтыншы, бірден хабарлаңыз. Егер сіз алданып қалсаңыз, шотты бұғаттау үшін дереу банкке хабарласыңыз және полицияға арыз беріңіз.

Құқық қорғау органдары алаяқтықты азайту үшін бәрін жасауда. Заңның сақталуына бақылау күшеюде, банктермен және халықаралық серіктестермен жұмыс жүргізілуде. Бірақ азаматтардың көмегінсіз бұл қиынға соғуы мүмкін. Сондықтан екі тараптан да бірлескен жұмыс жүргізу – алаяқтықты ауыздықтаудың тиімді амалы.

ЕРЕКШЕ КОНЦЕРТ

Бас қаладағы Жетісу саябағында Қазақстан полициясы күні қарсаңында ерекше концерт өтті. Бұл кеште көрермендерге кәсіби әртістер емес, елордалық Полиция департаментінің қызметкерлері өнер көрсетті.



Талантты, шынайы, жүрекпен орындаған – сол кеште олар көрермендер алдына әдеттегі формамен емес, әнші, музыкант және орындаушы бейнесінде шықты. Патрульдік полиция инспекторлары мен учаскелік полицейлер, тергеушілер мен криминалистер – күн сайын азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген жандар сахна төріне шығып, көрерменге жылы эмоция, жүрекке жететін әуендер мен шынайы лебізін сыйлады. Кеш барысында домбыраның күмбірі, Отан, қызмет пен борыш туралы әсерлі әндер орындалды. Әрбір нөмір полиция қызметінің басқа, нәзік әрі жан дүниесі бай қырын ашып көрсетті. Концерт қатаң тәртіп пен шендердің арғы жағында ішкі дүниесі бай адамдар тұрғанын айқын көрсеткен жарқын еске салу болды. Бұл өнер көрсету тек таланттарды ашып қана қоймай, қоғам мен полиция арасындағы байланысты нығайтып, сенім мен құрметті арттырды. Кеш қонақтары мен көрермендердің қуанышы мен ықыласы – заңды қорғап жүргендер мен сол заң үшін өмір сүретін халық арасында өнер арқылы шынайы диалог орнатуға болатынының жарқын мысалы.

ЗАҢ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталғалы елордалық полиция қызметкерлері 50 мыңнан астам заң бұзушылықты анықтады. Қоқысты заңсыз тастау, рұқсат етілмеген жерлерге ағынды суларды төгу, қоршаған ортаны ластауға байланысты басқа да заң бұзушылықтар – басты назарда.

Астанадағы Қ.Сәтбаев көшесінде кәріз суларын нөсерлік кәріз желісіне заңсыз ағызу фактісі бойынша ассенизатор көлігінің жүргізушісі ҚР ӘҚБтК-нің 505-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 30 АЕК көлемінде айыппұл салынды.

Күн сайын рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері пайда болатын жерлерде рейд іс-шаралары өтіп, iKomek109 бірыңғай анықтамалық қызметімен бірлесе отырып, қоқысты және ағынды суларды белгіленбеген орындарға төгетін тұлғаларды анықтау жұмысы жүргізілуде. Акция басталғалы бері 600 жүк және ассенизатор көлігінің жүргізушісі жауапкершілікке тартылды.

«Таза Қазақстан» акциясы экологиялық жағдайды жақсартуға, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуге және азаматтардың табиғат тазалығына жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Егер сіз қалдықтарды төгу, құрылыс немесе басқа да қоқыстарды белгіленбеген орындарға жинау фактісінің куәсі болсаңыз, бұл туралы 102-ге дереу хабарлаңыз. Астана полициясы экологиялық ережелерді сақтауға және қоршаған ортаны қорғауға шақырады.

ТҮН ТЫНЫШТЫҒЫН САҚТАЙЫҚ

Жыл басынан бері Астанада түнгі уақытта тыныштықты бұзудың 16 мыңнан астам фактісі тіркелді. Бұл деректер – қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың тыныштығын қамтамасыз ету бағытында жүргізіліп жатқан жүйелі профилактикалық шаралардың нәтижесі.

Мәселен, жуырда көпқабатты үйдің тұрғындары түн ортасында ауладан шыққан қатты шудан мазасы кеткенін айтып, полицияға хабарласқан. Тексеру барысында анықталғандай, бұл ата-анасының қарауынсыз жүрген жасөспірімдердің әрекеті болған. Оқиға орнына дереу жеткен учаскелік полиция инспекторлары тиісті әкімшілік хаттама толтырды. Полиция қызметкерлері тұрғындарды қоғамдық тәртіпке жауапкершілікпен қарауға, түнгі уақытта тыныштық сақтауға және заң талаптарын бұлжытпай орындауға шақырады. Тыныштықты бұзу фактісіне куә болған азаматтар 102 нөміріне хабарласып, өз шағымын білдіре алады. Бұл бағытта алдын алу және түсіндіру жұмысы жалғасуда.

Елордалық полицей Айнұр Жанатқызы – өз ісіне шексіз берілген, қоғам тыныштығын күзетіп жүрген нағыз кәсіби маман. Арманның жетегіне еріп, нағыз полиция қызметкері болуды бойынан көре білген жан. Қиындығы мен жауапкершілігі мол құқық қорғау саласында еңбек ете жүріп, ол нәзік жандарға тән сабырлылық пен табандылықты қатар ұштастырып келеді, Астана қаласы Полиция департаменті қаржымен қамтамасыз ету басқармасының инспекторы болып қызмет атқарады.

НӘЗІК ЖАНДЫ ПОЛИЦЕЙ



Айнұр – қызметте ғана емес, жеке өмірде де жанжақты дамыған тұлға. Ол – спортты өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған жан. Ерекше қызығушылығы – ат спорты мен мотоспорт түрі. Жылқыны баптап, шабандоз ретінде жарыстарға қатысу нағыз ерлікпен тең. Сонымен бірге ол мотоцикл тізгіндеп, еркіндіктің де, тәртіптің де символы бола білген. Бұл спорт түрлері батылдық пен сенімділікті қажет етеді, ал бұл қасиеттер Айнұрдың бойынан табылған. Сондай-ақ нәзік жанды тәртіп сақшысы үлкен теннис ойнаумен айналысады. Бұл спорт түрі оған дәлдік пен шапшаңдықты дамытумен қатар, мықты психологиялық дайындықты қалыптастыруға септігін тигізеді. Қызметі мен спортты қатар алып жүрген ол – салауатты өмір салтын ұстанудың жарқын үлгісі. Көптеген жастар үшін үлгі бола білген Айнұр нәзік бола тұра, қайсар, кешірімді бола тұра талапшыл, сабырлы бола тұра батыл. Ол – әйел адам тек отбасында ғана емес, ел алдында да үлкен жауапкершілік арқалай алатынын дәлелдеген тұлға.


«Полиция қызметкері болу – мен үшін жай мамандық емес, өмірлік миссия. Әрбір азаматтың қауіпсіздігі мен тыныштығы – менің басты міндетім. Ал спорт – ерік-жігерімді шыңдайтын тірегім» дейді.

Айнұр Алимжан – қазіргі заманның жан-жақты дамыған, кәсіби, спортты серік еткен нәзік жанды полицей бейнесінің айқын көрінісі.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ҮЗІЛМЕСІН

Астана қаласы Полиция департаменті қызметкерлерінің балалары арасында Полиция күніне орай «Мен полиция боламын», «Менің ата-анам полицей» тақырыптарында балалар сурет байқауы өтіп жатыр.

Мақсат – ұрпақтар сабақтастығын нығайту, полиция қызметіне деген құрметті қалыптастыру және отбасы құндылығын дәріптеу. Үздік жұмыстар ашық дауыс беру (лайк саны бойынша) арқылы анықталып, жеңімпаздар марапатталады. Байқау аясында тәртіп сақшыларының балаларынан 41 сурет келіп түсті. Олардың арасынан үздіктері анықталып, жеңімпаздар полиция қызметкерлерінің мерекесі кезіндегі салтанатты жиында марапатталады.



Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

№70 (4814) 17/06/2025 Сейсенбі



Көзі қарақты оқырманға Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Әулеттің иесі» әңгімесі, ондағы кішкентай Молдабек жайында айтқымыз келді. Әрине, ол заман мен бұл заманның баласын салыстыруға келмес, десе де осы әңгіме біздің, әсіресе, ұл баланы тәрбиелеуде мән беруге тиіс тұстарымызды еске салады. Осы «Әулеттің иесін» оқулыққа неге кіргізбеске? Шағын дүниеде үлкендердің кішкентай Молдабекті осы әулеттің иесі деп, үміт шырағы ретінде қарай отырып та жастайынан міндет сезіндіріп өсіргеніне таңғаласың.

ӘУЛЕТТІҢ ЕНДІГІ ИЕСІ «СМАРТФОН-ҰРПАҚ» ПА?

Әңгіменің өзіне тән юморы да бар. Әпкесі ұзатылғанда атасы «осы құдалыққа бармасаң болмайды» деп Молдабекті өздерімен бірге ерте барып, құда болып барған Молдабек жатар орынға дарбызды жарылғанша жеп, түнде төсегін дымдап қойып, оған өзі қатты ұялып жылайтыны... атасы жұбатып, киімін кептіріп, ертесі құдаларға киіт бергенде алдымен «жолы үлкен» деп Молдабектің алдына қоятыны... Келе жатып атасы Молдабекті бейіт басына апарып, әруақтарға құран бағыштаған соң «мынау Құбағұл атаң, мынау ана атаң, мына атаң...» деп, бейіттегі әрбір адам жайлы байыппен айтқаны қандай келісті еді! «Құлағында қала берсін» деп айта түседі. Бала Молдабек үшін бұл сөздер алғашында жай дерек секілді, бірақ жүрекке еніп, санаға құйылып жатқан сабақ сияқты. Мұнда түйсікті тірілтуден бөлек, ұрпақты өткенмен жалғау бар. Сол арқылы бала көңілі өзінің жалғыз емесін, артында үлкен әулет тұрғанын түсінуі, топырақ жамылған сол шалдардың әрқайсысының орнын сезінуі бар. Осы жерде «біздің дәстүрлі танымымыздағы әулетке деген адалдығымыз бүгінде қандай деңгейде өзі?» деп те ойланып қаласың...

Бұрын «әулет» деген сөз адамның тек генетикалық тегі ғана емес, рухани тамыры, борышы, миссиясы болатын болса, қазір бұл байланыс үзіліп бара жатыр. Әулет ұғымының әлсіреуі – бір жағынан қоғамдық құрылымның өзгерісі. Қазіргі балаға дәстүрді, әулет ұғымын түсіндіретін орта да баяғыдай емес. Өйткені баяғыдай бір әулеттің адамдары етене араласып жататын кез емес, уақыт басқа, бір үйде көп болса үш бала болады, ол бала екі түйір бауырынан басқа әкесі жағынан туыстарын, шешесі жағынан нағашыларын танығанымен, оның өзінде тойларда ғана көруі мүмкін. Осыгүнгі балалардың той-жиынды ұнатпайтынын есепке алсаң, ағайын-туысын тіпті сирек көретіні анық. Демек, олар үшін әулет деген ұғым да алыс.

Қазір баламыз шетелде деп мақтанамыз, ертең одан туған немере атасының кім екенін білмей өседі. Осыдан келіп балада ұрпақаралық жалғастық сезімі жоғалады, ол өз өмірін тек қана «өзім үшін» деген шеңберде түсінеді. Одан бөлек, толық емес отбасылардың көбеюі, урбанизация, шетелге көшу, жеке өмірге басымдық беру сияқты құбылыстар әулет ұғымының әлсіреуіне әкелуде.

БАЯҒЫ АТАЛАРДЫҢ БІРЕУІ ЖОҚ

Молдабектің атасы Шоқа деген кісі – қазақ қариясының көрегендігі мен ұрпақ алдындағы жауапкершілігін бойына сіңірген адам. Қазір немересімен солай сөйлесетін қария қалды ма? Немеренің қалауын орындайтын, қолындағысын беретін, аталық ықыласын солай білдіретін жас аталарды баяғының шалдары сияқты жақсы әңгіме айта алмайды деп те сөге алмайсың. Бір жағы – заманның жылдам өзгеруі, технологияның, батыстық мәдениеттің ықпалы, бір жағы – үлкендердің сөзін тыңдап, құлақ салып өсу дәстүрінің үзілуі де себеп. Бірақ бұл Шоқаның ізі сол күйі жоғалды деген сөз емес, Молдабектің атасы Шоқа сияқты кісілер ауылда әлі де бар шығар, бірақ оларды естіп, тыңдайтын, сол сөзді жүрегіне тоқитын Молдабектей балалар керек. Қарияның сөзі қадірлі болу үшін тыңдар құлақ, ұғар жүрек қажет. Пионерге өтуді армандаған Молдабекті «атасына еріп зират аралап, құдалыққа барған» деп тізімнен сыздырып тастайтын жері бар еді ғой, «пионерге өткізбесе өткізбей-ақ қойсын, комсомолға бір-ақ өтемін» дейді сонда Молдабек. Ал ой жіберіп көрсеңіз, атасына еріп зират аралау, құдалыққа бару – бала үшін үлкендердің дүниесіне ену, әулет үшін әрекет ету, жауапкершілікке араласу. Бірақ соның бәрі мектеп тарапынан түсінбестікке, шеттетуге алып келгенде, бала алғаш рет өмірдің қарама-қайшылығымен бетпе-бет келеді де, ішінен бір ойға бекиді. Ол үшін енді пионер болу емес, адам болу, рухты сақтау маңыздырақ екенін түсініп отырасың.

«МАРҚҰМНЫҢ ҚАРЫЗЫ БАР МА?»

Сөйткен атасы аз күн ауырып қайтыс болады. Атасы қайтқанда бала мектепке бармай қалады. Бұл баланың қаралы күйді сезінуі, жанына жарық берген шырағы сөнген шақ еді. Атасын жерлейтін кезде «марқұмның кепілдігіне тұратын туысы бар ма?» дейді молда, сонда әжесінің «неге болмасын, Молдабекжан бар ғой» деп Молдабекті іздейтіні бар. Бұл – әжесінің әулеттің артында қалған үмітін, жалғасын, ар-намысын іздегені. Бала болса да Молдабек соны түсінеді. Баланың атасының қарызы болса, соны мойнына алуға кепіл болуы – адамды толқытатын нәрсе. Өзі бала болса да, өліге кепіл болу арқылы тірінің намысын сақтау дегенді түсініп тұр ғой! Қазіргі заманда осындай сұрақ қойылса, бұл оғаш естілер еді, тіпті «марқұмның қарызына кім жауап береді?» деп сұраған күннің өзінде, оған баланы кепіл қылу кімнің ойына келеді? Ал бұл әңгімеде кішкентай баланың өзі «иә» дей алуы дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамгершілік өлшемнің биіктігін көрсетеді. Және осы «марқұмның қарызы бар ма?» деген кезде баланың ойына жақында атасы екеуінің барып Шоқпарбай деген кісіден жарты қап тары алғаны түседі. Сонда оның «атамның осы қарызын қайтарамын» деп көңілге түйіп қойғанын көреміз. Бұл эпизод – кейіпкердің ішкі әлеміндегі ар-ұят пен адалдықтың нәзік, бірақ өте салмақты көрінісі, парыздың бала жүрегінде орын теуіп жатқанын білдіретін өте әсерлі деталь. Жазушының шеберлігі – кішкентай Молдабектің әлгі жарты қап тарыны ұмытпай, «бір күні қайтарамын» деп көңіліне түйіп қоюы арқылы міндет пен парыздың жасқа қарамай-ақ, жүрекке ерте орнығатынын жеткізіп отыр.

Бір жағынан, баланың көргені сол еді. Ол замандарда ауыл – үлкен тәрбие мектебі, олар алса – қайтарады, уәде етсе – орындайды, ең бастысы, ешкімге міндет артпай, өз парызын өзі өтейді, баланың көзінде атасының да, әжесінің де, сол ауылдағы үлкендердің де бейнесі осылайша қалыптасқан.

Өз басым кішкентай Молдабектің осы сәтін ойлағанда оқырман ретінде кімнен не алғанымды, кімге не берешек екенімді ойлап кеткенім есімде. Байқайсың – жазушы тек кейіпкерді емес, оқырманды да ішкі диалогқа тарта алады. Тынымбай Нұрмағамбетов ғажап жазушы дейтініміз содан.

«Молдабек, қазір арбадағылар үйде қалған әйелдермен көрісіп жатқанда, құран оқылуы үшін жұртты сен бастауың керек. Дауысты да алдымен сен бастауың керек» деп жас балаға тағы бір жауапкершілік жүктейді үлкендер. Сондағы баланың атасын жоқтауы қандай шынайы! Жасандылықтан ада. Тіпті үлкендер сияқты аңыратып дауыс шығара алмаса да... «ата-а-а, атооу, тамаққа шақырып жатыр» дейтін кезін еске алғанда іші түгел елжіреп кетеді. Сол сәтте ол енді бұрынғы бала еместігін, енді атасының аманатын арқалаған адам екенін, әлі кішкентай болса да, үлкен адамның жүгін сезінгенін көреміз.

«Әжесі Молдабекті құшағынан жібермеген күйі аңырап отырып атасының өлер алдында: «Он бес әйел мен он бес қыздың ортасында Молдабегім қатынбасша боп өсетін болды-ау» деп қиналғанын айтты... «Молдабектен артылғанын ғана киіңдер, Молдабектен артылғанын ғана жеңдер. Біздің әулеттің өсіп-өнуін Алла ендігі жерде осы Молдабектің тағдырымен ғана шешер-ау» депті атасы... Ол осылай бүкіл әулеттің тірегін бір тұлғаға жүктеп барады.

Молдабектің мойынында бүтін бір қауымның болашағы тұр. Жазушы бұл арқылы ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі екенін аңғартады. Егер балаға сеніп, оларға жүк арта алсақ, бұл оны езіп жібермей, керісінше, өзіне сенуге, тұлға ретінде қалыптасуға жол ашады. Ересек болуға үйретпесең, ересек ұрпақ күтуге хақың жоқ. Шығармадан көріп отырмыз, Молдабекке үлкендердің артқан сенімі оны жедел есейтеді. Атасының бейітіне барудан бастап, құран оқуға жұртты бастап, дауыс салып жоқтау айтуға дейін – бәрі оған тұлғалық негіз қалыптастырып отыр. Бүгін әулеттің иесі болған бала ертең елдің азаматы, қоғамға тұтқа боларына сенуге болады.

Жазушы бұл эпизодтар арқылы оқырманға нағыз тәрбие неден тұратынын, баланың рухы қалай оянатынын, шынайы ержету дегеннің не екенін жеткізіп отыр. Ал шынында Молдабектің есеюі үлкендер тарапынан сенім білдірудің нәтижесі ғой.

ҚАЗІР НЕГЕ СОНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК АРТПАЙМЫЗ?

Жақында мектепке жиналысқа бардық. Мәжіліс залда психологтар мемлекеттік емтихан алдында 9-11-сынып оқушыларының психологиялық күйін бақылау, балаға үйде қолайлы, жағымды ахуал жасау, стресті жағдай болса көмектесу, бала психологиясын жіті назарда ұстауға қатысты тренинг өткізіп, лекция оқыды. «Бала дайындалғысы келмеген жағдайда не істейміз, көңіл күйі болмағанда қалай сөйлесеміз?» деген сұрақтар да көп болды. Одан соң класқа барып, жаңағы әңгімені қайта жалғастырдық. Сонда байқағанымыз, әсіресе, ұлдардың шешелері «менің балам шаршайды», «менің балама ана мұғалім былай қарапты, бағасын былай қойыпты», «баламның жаны нәзік, өйт, бүйт деп айта алмаймыз» деп, тағы біреуі бұрын-соңды болмаған зор сынақтың алдында тұрғандай: «балаларда өтпелі кезең, содан ұйымшылдықпен жақсы шығуымыз керек» деген сыңайда пікір білдіріп жатты.

Қайтып келе жатып... жоооқ, «біздің кезімізде әке-шешеміз қай сабақтан емтихан тапсыратынымыздан хабары жоқ, тіпті соны қалай өттің?» деп те сұрамайтын еді ғой» дегелі отырғам жоқ, тек Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Әулеттің иесі» деген әңгімесін қайта еске түсірдік.

Иә, біз қазір балаға жиырмаға келгенше бала ғой деп қараймыз. Қазіргі балаларға ондай жауапкершілік жүктемек түгілі, жиырмадан асса да өбектеп, есеюіне мүмкіндік бермейміз. Қазір ондай жауапкершілік түгілі, балаларды психологиялық, әлеуметтік, моральдық тұрғыда «өсірмей», шынайы өмірден оқшау ұстауға тырысамыз. Қазіргі аналар баласын әр қадамына дейін бақылайды, мектептен бастап секция, үйірмеге дейін өздері апарады, үй тапсырмасын бірге орындайды, эмоциялық қолдауды да, шешім қабылдауды да өздері мойнына алады. Балаға асыра қамқорлық танытып, міндетсіз махаббатпен буып тастаудың арты, «балам шаршамасын», «қиналмасын», «көзім тірі тұрғанда бәрін өзім жасап беремін» дей бергеннің арты – баланың өмірлік тәжірибе жинауына мүмкіндік бермейміз. Осы «балам қиналмасын» деген ой баланың есейтпейді. Мұндай бала кейін көп жағдайда өзінше шешім қабылдауға қорқады, тәуекел етуден тайсақтайды, яғни жеке субъект ретінде дамуы тежеледі дейді мамандар.

Мұндай шектен тыс өбектеудің себебі көп шығар, балалық шағы тоқсаныншы жылдарға тап келген көптеген ата-ана өз балалық шағында таршылық көріп, армандаған киім мен ойыншықты иелене алмағаннан, мәдени және әлеуметтік мүмкіндіктерден шет қалғаннан «мен көрмегенді балам көрсін» деген компенсаторлық ниетпен балаларын мәпелеп, олардың бар тілегін орындауға тырысатын шығар; мүмкін, балаға жеткілікті уақыт бөле алмағаннан кінәліліктен арылу, жоғалған беделді қалпына келтіру әрекеті ме... Осылай кете берсе, бала ертең өз отбасын құрғанда ата-анадан ажырай алмай, жаңа әулет құрудың орнына сол ата-ананың жалғасы ғана болып қалады. Соңғы кездері көп ата-ана балаларының тұрмыс құруға асықпайтынын айтатын болды. Өз таңдауын жасаудан қорқатын, өзі үшін де, өзгелер үшін де жауап беруге дайын емес жастар – ата-ана мен қоғам арасындағы псевдо-махаббаттың нәтижесі. «Қорғаймын» деп әлсіретіп, «жақсы көремін» деп еркінен айырып, нәтижесінде рухсыз, тамырсыз, парызсыз ұрпақ өсіріп жатқан жоқпыз ба? Инфантилдік – қазіргі қоғамдағы өзекті мәселе. Бұл – адамның ересек жаста бола тұра өмірге балаша қарауы, жауапкершіліктен қашуы, шешім қабылдай алмауы.

Инфантил ұрпақтың еркіндік пен жауапкершіліктің аражігін ажырата алмайтынын әлеуметтанушылар да айтады. Ал бұл шығармада нағыз еркіндік – өзің үшін емес, біреудің аманаты үшін өмір сүру. Молдабектің «атамның қарызын қайтаруым керек» дегені – жазушы Молдабектің бойына елдің көзі, жұрттың үміті сыналатын жауапкершілік артып отыр. Және ол жауапкершілік тұрмыстық деңгейде емес – рухани, дәстүрлік деңгейде. Адамның ішкі сергектігі, жан әлемінің беріктігі міндет арқалап көрумен ғана қалыптасады.

Жадыра ШАМҰРАТОВА

P.S: ***Ал Молдабектің атасы мен әжесі баланы өмірдің өз тілімен тәрбиелеген. Олар үшін махаббат баланы еркелету емес, оны өз орнын табуға дайындау болды. Молдабек – архаизм бе? Әлде сағыныш па дерсіз. Анау дейміз, мынау дейміз, айналып келгенде, өз баласын қалай тәрбиелеймін десе де әркімнің өз шаруасы ғой. Қазір жастар өсіп алса шетелге кетпекші болады. Бірақ елдің бәріне кеңдік танытып келген Әмірикеңіз де он ойланып, меймандостығынан бас тартып жатыр. Қазақ осы елге ғана керек! Қалай десек те, ұлттың үміті – жауапкершілікті ерте сезінген ұрпақта. Ұл тек мүлік мұрагері емес. Ол рухани тұғырды, ата-баба жолын, отбасының абыройын жалғайтын тұлға болуы керек.***



МЕЙІРІМ МЕКЕНІ

Елордадағы Ұлттық музейде «Мейірім» балалар шығармашылығының VII инклюзивті музей фестивалі өтті. Мерекелік жиын балалар шығармашылығын қолдау мен инклюзия мәдениетін дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Индира БЕРЖАНОВА

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін фестиваль балалардың шығармашылығын дамытып қана қоймай, қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға бағытталған маңызды жиын саналады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестиваль 2017 жылдан бастау алған «Мейірім» әлеуметтік жобасы аясында қолға алынған.

– Бұл фестиваль балалардың өнерін ортаға салатын бірегей алаңға айналып келеді. Тек аталмыш фестиваль-мен ғана шектелмей, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған іс-шаралар жыл бойы өтеді. Маңызы айрықша іс-шаралар жас өрендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлаумен бірге, қоғамның мейірімі мен қамқорлығын сезінуге мүмкіндік береді, – деді өз сөзінде Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы.

Балалар мерекесінің басты мақсаты – бүлдіршіндердің шығармашылығын шыңдау. Іс-шараға 7 мен 18 жас аралығындағы қоғамдық қорлар мен бірлестіктердің оқушылары қатысты. Олардың қатарында «Ақниет» қайырымдылық қоры, «Орда аутизм» қоғамдық бірлестігі, «Нұрлы жүрек» пен «Жансая» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары, «Ерекше балалардың ата-аналар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы, елорданың №1 және №2 арнайы мектептерінен жалпы саны 120 бала болды.

Фестивальді өткізуге қолдау білдірген «ҚТЖ» ҰК» АҚ магистралдық желі дирекциясының директоры Сәкен Рахметов мерекелік іс-шараға бейжай қарамайтын ата-аналардың қатары артып келетінін, кедергісіз, инклюзивті орта қалыптастыру мемлекетіміздің алдында тұрған маңызды міндеттің бірі екенін атады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында «Экологиялық ахуалды жақсарту – алдымызда тұрған негізгі міндеттің бірі. Біз қоғамымызда қоршаған ортаны қорғаудың мән-маңызын кеңінен дәріптеуіміз керек» деп атап өткен еді. Биылғы фестивальдің тағы бір мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің экологиялық сауаттылығын арттыру. Яғни оларды табиғатты сүюге, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға, қайта өңдеуді үйренуге тәрбиелеу. Фестиваль аясында ұйымдастырылған шеберлік сабақтарда қоршаған ортаны қорғау, қалдықсыз өмір салты, қайта өңдеу, табиғи материалдарды қолдану сияқты өзекті тақырыптар қамтылды, – деді өз сөзінде Ұлттық музейдің музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі әдіскері Бибігүл Арыстанбекова.

Мәдени іс-шара дамытушы шеберлік сабақтар үлгісінде өтіп, алуан түрлі бағдарлама ұсынылды. Оның ішінде «Достық пен қамқорлық ғаламшары» музей үйірмесіне қатысушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі және «Киіз басу: жүнмен сурет салу», «Саз терапиясы», «Тоқу өнері», «Шоппер бояу», «Бірге сурет саламыз» және «Эко-арт» тақырыбында шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Осы шеберлік сабағында балалар киізден түрлі түсті картиналар, әдемі тұмарлар, табиғат көріністерін суретке салып, сондай-ақ, қолөнер шеберлерімен бірге саздан бұйымдар жасады.

– 10 жасар ұлым Жаңғырмен бірге мерекелік фестивальге алғаш рет қатыстық, әсеріміз ерекше. Әр баланың қабілетіне қарай түрлі шеберлік сабағының бары ұнады. Мұндай жиындар жиі ұйымдастырылса дейміз. Себебі балам бір сәт үйден шығып, қоғамға сіңісіп, өзгелердің жылулығын сезіне алады, – деді қатысушылардың бірі, елордалық тұрғын Айжан Жаппарбекова.



АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

09.06.2025 №510-1676

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған сызбаға және қосымшаға сәйкес «Балабақша» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, К. Байсейітова және М. Жәлел көшелерінің қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 1,0862 га жер учаскелері 2025 жылғы 18 тамыздан бастап 2026 жылғы 18 тамызға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж.Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің
2025 жылғы «09» 06
№ 510-1676 қаулысына
қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-007-243	Искакова Оразгайша Сулейменовна	777	757	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 89 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
2.	21-319-007-245	Даулбаев Жаслан Жилкышевич, Даулбаева Аина Муратовна	468	396	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 87а үй	тұрғын үйді пайдалану	ортақ бірлескен меншік
3.	21-319-007-007	Берикболов Нуржан Демократович	737	515	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шақпақ көшесі, 31-ғимарат	сауда үй-жайларын пайдалану	жеке меншік
4.	21-319-007-297	Бексултанова Тазагуль Оразовна	675	675	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шақпақ көшесі, 30а үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
5.	21-319-007-246	Аймагамбетова Мария Аужановна	620	47	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 87 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
6.	21-319-007-308	Дызюбаева Айман Онкарбаевна, Онкарбаев Адильбек Оразұлы Умирбекова Айман Дастановна	1000	705	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шақпақ көшесі, 29 үй Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шақпақ көшесі, 29/1 үй	тұрғын үйді пайдалану	жалпы үлестік меншік
7.	21-319-007-307	Игнатов Сергей Федорович	768	397	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 91 үй	тұрғын үйді пайдалану	жалпы үлестік меншік
8.	21-319-007-244	Канафина Гульмира Еркиновна, Карбаев Курмангазы Еркинович	606	521	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 89а үй	тұрғын үйді пайдалану	ортақ бірлескен меншік
9.	21-319-007-300	Дашаев Базар Капарович	768	768	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жарсуат орамы, 6 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
10.	21-319-007-077	Еськова Наталья Николаевна	600	28	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, М. Джалил көшесі, 37 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
11.	21-319-007-1075	Аймагамбетов Ильяс Усентаевич	72	7	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Күләш Байсейітова көшесі, 87/1 учаскесі	тұрғын үйді пайдалануға арналған аумақты кеңейту (құрылыс құқығынсыз)	02.03.2018 жылға дейін уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану
12.	21-319-007-476	Жалелов Кайрат Камкенович	577	577	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шақпақ көшесі, 32а үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
13.	21-319-007-020	Жагипаров Амангельды Аманжолович	900	338	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, М. Джалил көшесі, 41 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
14.	21-319-007-344	Арипова Гульмира Ансагаевна	439	439	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Жарсуат орамы, 4 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
15.	21-319-150-111	«Астана-АЭК» АҚ	63	5	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Фахд Бен Абдул Азиз көшесі, 18М учаскесі	КТП-9-дан ӘЖ-0,4 кВ электр беру желісін пайдалану	24.11.2026 жылға дейін уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
16.	21-319-007-298	Заурбекова Жанат Кайратовна	550	550	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шақпақ көшесі, 32 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
17.	21-319-007-038	Базыкина Людмила Александровна	575	189	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, М. Джалил көшесі, 39 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік
18.	21-319-007-1174	Бекешев Слямбек Бимендеевич	745	745	Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шақпақ көшесі, 30 үй	тұрғын үйді пайдалану	жеке меншік

№70 (4814) 17/06/2025 Сейсенбі

«ҚҰШТАРДЫҢ» АСТАРЫ ҚАЛЫҢ

Елордадағы OzgeEpic креатив хабы «Құштар» спектаклін ұсынды. Аутизм тақырыбына арналған спектакльді ҚР Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент депутаттары, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен және зиялы қауым өкілдері тамашалады.

– Аутизм – қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Соған қарамастан, оған терең үңіліп, ашық талқылауға көптің батылы жете бермейді. Ал OzgeEpic ұсынған жобада осы бір әлеуметтік маңызы бар мәселенің аспектілері кәсіби сахна арқылы жан-жақты көрсетіледі. Инклюзия ұғымының қаншалықты ауқымды екеніне баса мән беріледі. Жалпы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде инклюзивті қоғам құру жолында кешенді жұмыс атқарылып жатқаны белгілі. Мүгедектігі бар адамдарға және әлеуметтік осал топтарға мемлекет тарапынан қолдау көрсету жүйелі сипат алды. Тиісті заңдар да уақытылы қабылданып жатыр. Бұл ретте инклюзияның маңызын бүкіл қоғамның сезінуіне жол ашатын жаңаша қадамдар жасаудың да берері мол екені сөзсіз. «Құштар» спектаклі дәл осы талаптың үдесінен шығатын тың тәсіл десек артық бола қоймас. Қойылымға кәсіби актерлердің қатысуы және дайындық кезеңінде зиялы қауымның кеңес беруі де оның деңгейін арттыра түскені анық байқалады, – деді Сенат төрағасы.

Аталған қойылым – OzgeEpic креатив хабы мен Creativity Support Team тобының бірлескен жобасы.





ФУАТ МАНСҰРОВТЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы «Назиб Жигановтың халықаралық шоқ жұлдыздары» жеке қорымен бірлесіп, Қазақстан, Ресей және Татарстан халық әртісі, әлемге танымал дирижёр, көрнекті өнер қайраткері Фуат Мансұровты еске алуға арналған музыкалық кеш өткізді.

Концертте әлемдік және ұлттық классикалық музыка туындылары орындалды. Атап айтсақ, Батыс Европа симфониялық шығармаларынан бастап қазақ және шығыс музыкалық мәдениетінің жарқын үлгілеріне дейін көрерменге ұсынылды. Іс-шараға Қазақстанның халық әртісі Айман Мұсаханова, Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдинов, Татарстан Республикасының халық әртістері, Қазан қалалық филармониясының солистері Фарида Ахметшина мен Алсу Сунгатуллина, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Жылтыркөзов, «Құрмет» орденінің иегері Еркін Нұрымбетов, Г.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының солисі Айбар Хайырханов, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Ерлан Бақтыгерей, «Қазақстан баян-фест» халықаралық баян өнері фестивалінің директоры Руслан Тұраев, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның солисі Саида Қалықова, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының симфониялық оркестрі және Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі қатысты. Сондай-ақ залдың фойесінде маэстроның шығармашылық жолына арналған фотокөрме ұйымдастырылды.

АЛТАЙДЫ ӘЛДИЛЕГЕН ӘДЕБИ КЕШ

Өткен жұма күні Арқадан Алтайға ат басын бұрған болатынбыз. Оған себеп – қазақ прозасының сары атаны Дидахмет Әшімханұлының шығармашылығына арналған кеш. Қанатты құстай ұшағымыз жерге қонысымен алдымыздан аңқылдаған Алтайдың адамдары құшақ жая қарсы алды. Жер бетіне Алла жайған кілемдей жайнаған Қатонқарағай көздің жауын алып-ақ тұр. Топырағына таяқ тастасаң шынар боп көктейтін шығыста Дидахмет сияқты қаламгердің тумауы да мүмкін емес екен-ау деп тағы да таңдай қағыстық.

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Ең әуелі жиналған көпшілік қазақтың белгілі жазушысы, журналист, аудармашы, қоғам қайраткері марқұм Дидахмет Әшімханұлының зиратына барып, рухына арнап құран бағыштады. Ізінше Қатонқарағай ауылындағы мәдениет үйінде қаламгерге арналған ескерткішке гүл шоқтары қойылып, әдеби мұрасын арқау еткен ғылыми-практикалық конференцияға ұласты.

Дидахмет Әшімханұлы 1950 жылы 10 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Жаңаүлгі ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысы «Коммунизм туы», «Лениншіл жас» газеттерінде тілші болып бастаған. Кейін «Қазақстан пионері», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде бөлім меңгерушісі, «Заман-Қазақстан» газетінде бас редактордың орынбасары, «Түркістан» газетінде бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. Елордалық басылым – «Астана ақшамы» газетінде аз уақыт істесе де, әріптестері әлі күнге дейін қаламгерден көрген шарапатын ұмытпайды.

Әр жылдары жазушының «Аққабаның толқыны» «Он бірінші күз», «Каменная падь» «Жер аңсаған сары атан», «Самырсын сазы», «Әңгіме емес әңгімелер» атты әңгімелер мен повестер жинағы жарық көрді. Жанына қалам ұстаған жас журналистерді жинаған жазушының шығармалары өзбек, қырғыз, қытай, моңғол, орыс, украин, мари тілдеріне аударылған.

Зиялы қауым өкілдері әдебиетке бір дәуірде төрт бірдей классикті дүниеге әкелген Қатонқарағайды ерекше құбылыс деп атады. Ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасаған жас жазушы Елдос Тоқтарбай Қатонқарағайдан шыққан осы төрт жазушыға Оралхан Бөкей, Қалихан Ысқақ, Дидахмет Әшімханұлы, Әлібек Асқаровқа ортақ музей салынуы керек деген ұсынысын ортаға тастады. Бұл бастама жиналған жұрттың ерекше қолдауына ие болды.



Ал «Төр Алтай Қалиханы мен Дидахметін жырлайды» атты республикалық поэзия фестивалі кешкісін алаудың жанында жалындаған жыр кешіне ұласты. Сахнаның орны – Алтайдың баурайы, шамдары – жұлдыздар, көрермені – таңғатпен үндескен жүректер. Ерекше поэзия кешіне еліміздің әр түкпірінен келген 16 ақын қатысып, отты жырларымен жүрек тербеді. Серікзат Дүйсенғазин, Қалқаман Сарин, Ерлан Жүніс бастаған азулы ақындармен қатар жастар да Топқайың ауылының өр жағын рухты тербеген ерекше түнге айналдырды.

Сөзбен сурет салдырған әдемі поэзия кеші «Алтай – алтын бесігім» атты ақындар айтысына ұласты. Алыптарды дүниеге әкелген табиғаты көркем өңірдің байлығы мен бүгінгі мәселелері от ауызды, орақ тілді ақындардың тақырыбына арқау болды. Алтайдағы айтыс аламанында бас жүлде – Дидар Қамиға, бірінші орын – Рүстем Қайыртайға, екінші орын – Жансая Мусинаға, қырғыз ақыны Нұрсұлтан Малдыбаевқа және үшінші орын Серік Қуанған мен Нұрмат Мансұровқа бұйырды.

Той көркі «Алтай – түркі әлемінің бесігі» атты халықаралық музыкалық фестивальмен толықты. Түркітілдес халықтардың өнерпаздары бас қосып, бірлік пен бауырластықты паш етті. Әсіресе Саха Республикасынан арнайы келген 7 жасар Архан Уйгудың қазақша орындаған «Домбыра» әні көптің көңілін елжіретті. Облыс әкімі Нұрымбет Сақтағанов баланың өнеріне тәнті болып, қазақтың киелі домбырасын сыйға тартты.

Айта кетейік, бұл тойда Дидахмет Әшімханұлының шығармашылығынан бөлек, бала тәрбиесіндегі мықты ұстанымы туралы жерлестері тарапынан көп айтылды. Әсіресе, ұлы Дәулеттің бастамасымен зиратына ерекше ескерткіш қойылған. «Ел-шежіре» қоғамдық қорын басқарып, әке ісін одан әрі жалғастырып отыр. 40 жылғы публицистикалық шығармаларын жинақтап, екі том кітап етіп шығарған.

«Сонау 1970 жылдардағы тырнақалды жазбалары – сарғайған газет парақтарынан 2014 жылға дейінгі мақала-сұхбаттары – осы уақыт аралығындағы қоғамның тыныс-тіршілігінен сыр шертетін шежіре іспетті дүниелер. Бұл – біздің бірнеше айғы жұмысымыздың нәтижесі. 1-том «Қазақ әдебиеті» газетіндегі, 2-том «Түркістан» газетіндегі қызметін қамтиды. Дидахмет аға өз қолымен ұқыптап жинаған баспасөз тігінділері осындай кітапқа айналып отыр. Басты тақырып, әрине, ұлт, тіл, діл, сан мен сапа, салт-дәстүр» дейді публицистикасы туралы сыр шерткен белгілі журналист Дина Имамбай.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 70
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Аманғали ҚАЛЖАНОВ